



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

выступления в Назарбаев университете, китайский лидер подчеркнул, что Китай не намерен доминировать в Центральной Азии и вмешиваться во внутренние дела государств. В свою очередь, Президент Узбекистана И. Каримов отметил, что Пекин никогда не ставит условия в двусторонних отношениях. Главы Казахстана и Кыргызстана также положительно оценили характер сотрудничества между Китаем и Центральной Азией.

Подытоживая все вышеизложенное, можно сделать вывод, что отношения между Китаем и странами Центральной Азии в перспективе будут только возрастать, несмотря ни на какие препятствия, так как и Центральная Азия, и Китай заинтересованы в двустороннем сотрудничестве по всем направлениям.

### **Список использованной литературы**

1. Турарбекова Р., Шибко Т. Политика Китая в отношении стран Центральной Азии // Журнал международного права и международных отношений, 2010. № 3. С. 12.
2. Боровой В. Политика КНР в Центральной Азии в первой половине 1990-х гг. // Журнал международного права и международных отношений, 2007. № 1. С. 54.
3. Сыроежкин К. Казахстан-Китай: от пограничного сотрудничества к стратегическому партнерству – Алматы, 2010. С. 98.
4. Чан Х. ШОС и соотношение великих держав на фоне новой ситуации в регионе ЦА // Analitic, 2003. № 1. С. 5.
5. Меморандум между правительствами государств-участников Шанхайской организации сотрудничества об основных целях и направлениях регионального экономического сотрудничества и запуске процесса по созданию благоприятных условий в области торговли и инвестиций.
6. Семенова Н.К. Китайский энергетический вектор: значение ШОС и безопасность в Центральной Азии // Восточная аналитика, 2012. №3. С. 144-145.
7. Совместная декларация Китайской Народной Республики и Республики Казахстан об установлении и развитии отношений стратегического партнерства от 4 июля 2005 года // Официальный сайт Посольства КНР в Республике Казахстан – доступно с [http://kz.china-embassy.org/rus/zhgx/default\\_7.htm](http://kz.china-embassy.org/rus/zhgx/default_7.htm)

УДК 628.2

### **ЭБОЛА ЖАЙЛЫ АҚИҚАТ**

**Темирханова Инабат Темирхановна**

[Temirkhanova94@mail.ru](mailto:Temirkhanova94@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті, 5В020200

Халықаралық қатынастар мамандығы, ХҚ-33 тобы, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекші- Джумадилова Гаухар

Медицина тарихында сыры ашылмаған құпиялар әлі күнге дейін сақтаулы. Аты шулы тарихи тұлғалар, атакты қалалар мен мемлекеттер қандай себептен өмір сүрулерін тоқтатып, тарих толқынын басқа арнаға бұрып жіберді? Ежелгі жерлеу орындарын қазбалау арқылы грек ғалымдары Спартаның Пелопонес соғысында жеңіп, Афинаның Алтын ғасырына соңғы нүкте қойған басты себептерінің бірі де індет екенін анықтап білді.

Өлімге душар қылдыратын індеттік аурулар адам баласын ежелден бері андып келеді. «Оба» және «мор» ауруларының пайда болуы халықтар арасында қорқыныш, үрей туғызып, саяси, шаруашылық және қоғамдық өмірдің тоқтауына да себепкер болды. Індет нәтижесінде көптеген әскерлер қазаға ұшырап, соғыс өз бағытын өзгертіп тұрды.

Тарихтан танымал 551-580 жылдары Шығыс Рим империясынан басталып, бүкіл Таяу Шығысты жаулап алған «Юстиниан обасы» 100 млн-ға жуық адам өмірін қиды. Безден

тиетін «Қара өлім» індеті XIV ғасырда ортағасырлық Еуропаның 50 миллион халқын өлімге душар қылды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған «Испан грипі» нәтижесінде 200 миллионға жуық ауруға шалдыққан адамның 41,8 миллионы қайтыс болды (ДДС ұйымының мәліметтері).

**Кілттік сөздер:** індеттік аурулар әсері, Эбола, Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы, қауіпсіздік, Америка Құрама штаттары, саясат.

### **Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы мәліметтері**

Соңғы күндері Бұқаралық ақпарат көздерінен хабардар болып жүрген 21-ғасыр ауыр індеттерінің бірі- Эбола. Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы ресми сайтында көрсетілген басты фактілер келесідей :

Алғашқы күндері геморрагиялық безгек, қазіргі күні Эбола атауымен танымал бұл ауру түрі адам баласына өте ауыр тиеді, тіпті өлімге душар қылуы мүмкін.

Вирус адамға жабайы жануарлардан жұғып, кейінірек адамнан-адамға таралады.

Өлім летальдік көрсеткіші 50% -ды құрайды. Алғашқы күндері бұл көрсеткіш 25 %-дан 90 %-ды құраған болатын.

Эбола ауруы өзінің бар екендігін әлемге 1976 жылы жариялады. Алғашқы туындау аймақтары: Нзар (Судан) және Ямбуку (Конго Демократиялық Республикасы). Қазіргі таралып жатқан Эбола Батыс Африкада 2014 жылдың наурыз айынан басталып, Гвинея, Сьерра- Леоне және Либерия сияқты мемлекеттері халықтарының өмірін қиюда. Сонымен қатар, әуе транспорты арқылы бір ғана адамнан Нигерияға, құрлық транспорты арқылы Сенегалға жетіп, Африка халықтарына тыныштық бермеуде. Ауруға көп шалдыққан Гвинея, Сьерра-Леоне және Либерия мемлекеттерінде денсаулық сақтау жүйесі өте әлсіз, мамандар мен инфрақұрылымдық ресурстардың жетіспеушілігі байқалады. 8 тамызда ДДС ұйымының Бас директоры бұл тұтану құбылысын денсаулық сақтау саласында төтенше жағдай деп хабарлап, бүкіл әлем елдерін індетке қарсы күресуге шақырды.

### **Аурудың таралуы**

Дәрігерлердің айтуы бойынша , Эбола вирусының табиғи қожайындары – Pteropodidae жанұясы мүшесі жеміс ұшпа тышқандары. Эбола адамдар популяциясына инфекцияланған жануарлар, мысалы, шимпанзе, горилла, маймыл, орман бөкендері сияқты жануарлардың өліктері немесе ауру түрлері организммен, әр түрлі дене сұйықтықтары және қанмен тығыз байланыста болу нәтижесінде таралған. Кейін, эбола адамнан- адамға зақымдалған тері қабықтары жанауынан, ортақ заттарды пайдалану (мысалы, төсек, ыдыс-аяқ және т.б.) арқылы жұғады. Медициналық қызметкерлер ауруға шалдыққан адамдарға көмектесу барысында инфекциялық нормаларды дұрыс сақтамауына байланысты жиі ауырады. Адам қанында, сұйықтықтары мен кеуде сүтінде вирус сақталғанға дейін ауру болып есептеліп, басқа адамдарға жұқтыра алады.

### **Ауру белгілері**

Инкубациялық мерзім, яғни ауруды жұқтыру мен алғашқы белгілердің пайда болу аралығы 2-21 күнді құрайды. Басты белгілер пайда болмағанша адам ауруды тарата алмайды. Алғашқы белгілері деп кенеттен безгектің пайда болуы, буындардың ауруы, бас және тамақтың ауруын атауға болады. Одан кейін жүрек айнуы, диарея, бөртпе, бауыр мен өкпе жұмысының бұзылуы, сыртқы және ішкі қансырау (қызыл иектің қанауы) құбылысы басталады.

### **ДДС ұйымы қызметі**

ДДС ұйымы Эбола жаңа тұтануын алдын-алу, ауруға шалдыққан елдерге барынша көмек көрсету, жоспар құрып, басқа елдерге таралуына жол бермеу сияқты мақсаттарды көздейді. ДДС ұйымында қабылданған «Эбола вирусы мен марбург безгегі індеті: дайындықты ұйымдастыру, ескерту, бақылау және баға беру» құжаты Эбола вирусы және марбург безгегіне қарсы жүргізілетін барлық іс-шараларды қамтиды.

Егер жаңа жерлерде тұтанулар пайда болса, ДДС ұйымы эпидбақылау орнату, жергілікті қауымдастықтарды іске жұмылдыру, ауруларға көмек, лабораториялық қызмет көрсету, контактілерді табу, инфекциямен күрес, логистикалық қолдау, жерлеу рәсімдерінің

залалсыз өтуін қамтамасыз ету сияқты шараларда көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, күнделікті теледидардан, интернет парақшаларынан көріп-білетін жаңалықтарымыз жан түршігерліктей.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының соңғы мәліметтеріне сүйенер болсақ, Эбола безгегінен қайтыс болған жалпы әлемдегі адам саны 6 070-ті құрады. Ауруға шалдыққан адам мөлшері болса, ДДС ұйымы хабарлауынша 17 145-ке жеткен. Бұған дейін, ДДС ұйымы 16 899 ауруға шалдыққан адам ішінде 5 987 адам қайтыс болғанын мәлімдеген еді. Бұл вирус инфекцияланған адамның қаны немесе денесінен бөлінетін кез келген сұйықтық арқылы келесі адамға жұғып, жаппай қырылуға алып келуде.

### **АҚШ әлем елдерін біріккен күреске жұмылдыруда**

БАҚ өкілдеріне сенер болсақ, Дүниежүзінің көшбасшы мемлекеттері Африка елдеріне көмек көрсетіп, өз күштерін аямауда. «Голос Америки» сайтының хабарлауы бойынша: «АҚШ президенті Барак Обама әлемдік көшбасшылармен халықаралық масштабта болмасын, нақты мемлекетте болмасын Эбола індетімен бірігіп күресуге шақырды. Вируспен күресу үшін қандай шаралар қолданылып жатқандығын оған денсаулық сақтау және ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін қызмет басшылары хабарлады.

АҚШ денсаулық сақтау Министрлігі және барлық медициналық қызмет өкілдері Техаста -АҚШ территориясы бойынша бірінші рет өлімге алып келген жағдай орын алуына байланысты, індет таралуына қарсы эффективті жұмысқа кірісуде. БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мунмен телефон арқылы байланыс кезінде, АҚШ президенті індет көзі деп есептелетін Батыс Африкаға көмек көрсету шараларын тездету қажет екендігін айтты. Франция президенті Франсуа Олландпен телефондық сұхбат барысында Батыс Африкадағы медпунктілер мен әуе жолаушыларды жақсылап тексерістен өткізу қажет екендігіне назар аударды.

Сонымен қоса, бұл мемлекет өз технологиясы және әлем бойынша алдыңғы орындарды иеленетін медициналық өкілдерінің біліміне сүйеніп, Эбола ауруына патенттік құқық жариялады.

АҚШ өз тарапынан Африкаға логистикалық және медициналық көмек көрсету үшін 4000-ға жуық әскер жіберді. Қазіргі күні Пентагон басшысы Чак Хейгел бастапқы кезде 3000 әскер жіберу жоспарланып, бірақ жағдайдың ушығуына байланысты әскер санын көбейту бұйрығына қол қойды.

### **Канадалық екпе туралы**

Эболамен белсенді күрес жүргізіп жатқан келесі мемлекет- Канада. Дәл осы мемлекет ең алғашқы болып қатерлі ауруға қарсы екпе шығарған болатын.

Канаданың денсаулық сақтау Министрлігі 20 қазанда Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының Женевада орналасқан кеңсесіне Эбола вирусына қарсы екпенің 800 ампуласын жіберді. Денсаулық сақтау министрі Рона Амброддың айтуы бойынша, Эболаға қарсы әмбебап екпені Виннипег қаласында орналасқан Манитоба провинциясындағы Канада ұлттық микробиологиялық лабораториясы жасап шығарды және екпе VSV-EBOV атауына ие болды. Бұл туралы itar-tass.com сайты хабарлайды. Бұл екпе жануарларға сынақ жүргізу барысында 100-пайыздық оң нәтиже берген екен. «Егер канадалық екпе өзін эффективті және қауіпсіз екендігін көрсетсе, біз Эбола жарылысын тоқтата аламыз», - дейді министр. Сильвер-Спринг қаласында (Мэриленд штаты) орналасқан Уолтер Гид атты әскери зерттеу институтында алғашқы клиникалық тестілеу өтетін болады.

Недеген керемет құбылыстар! Бұқаралық ақпарат құралдарына сене берер болсақ, жағдайдың осыншама мүшкіл екендігін, Әлем көшбасшылары «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», Африка елдеріне барынша көмек көрсетіп, өз күштерін аямай жатыр деп ойлайсың.

Келтірілген мәліметтердің барлығын талдай отырып, көкейінде бірнеше сұрақ туындайды.

Ең алғаш рет Эбола вирусы Африкадағы Эбола өзенінен табылды дедік. Індеттің бірнеше түрі кездеседі, кейбірі, тіпті өлімге душар қылдыруы мүмкін. Бірақ, ең алғашқы

кездерде бұл індет пандемия сипатын алған жоқ, өйткені ауруға шалдыққан халық тез арада қайтыс болады. Егер олар вирусты басқа адамға жұқтырып үлгерген жағдайда, тек ауыл немесе қала шеңберінде ғана қалып, мемлекет сыртынан асып көрген жоқ. **Неліктен, қазіргі Эбола осыншама ауқымға ие болып, мыңдаған адамдарды өлімге душар қылуда?** Ал, қазіргі бірнеше дағдарыс қатар орын алып, санкциялар, бір-біріне деген ор қазушылыққа толы әрекеттер болып жатқан кезде, Эбола халықаралық қатынаста өз уақытын дәл тапқан сияқты.

**Індетпен күресу үшін медициналық мамандар емес, неліктен әскери азаматтар жіберілуде ?**

**1976 жылы табылған алғашқы Заирлік Эбола (вирустың отаны –Конго Демократиялық Республикасы) қалай өзінен 500 км алыс жерде жатқан Батыс Африкаға жетті?**

« Жүз рет атын естігенше, бір рет жүзін көр» демекші, тарихтан білетініміздей кез-келген оқиғаның шынайылығына көз жеткізу үшін сол аймаққа барып көру керек немесе нағыз шындықты сол аймақ халқы айтып берер.

Бірнеше ай бұрын Нана Кваме атты Гана тұрғыны интернет-қауымдастығын шулатқан ашық акпарат жариялады. Бізге Эболаның не екендігін түсіндіру мақсатымен бұл азамат:

«Батыс әлемінің адамдары бізде, яғни Батыс Африкада не болып жатқанын білулері керек. Эбола вирус ретінде өмір сүрмейді және таралмайды. «Қызыл крест» бұл ауруды төрт мемлекетке төрт маңызды себеппен кіргізді және де тек медициналық көмек алған немесе екпелер қабылдаған адамдар ғана осы ауру құрбаны болуда. Міне, сол үшін либериялықтар мен нигериялықтар өз елдерінен «Қызыл крест» өкілдерін қуып, ел арасында шындықты таратуда.

Себептер

Көптеген адам қауымы Африка жөнінде сөз қозғалса, бұл аймақтағы «депопуляция» туралы ойлайды. Бірақ, мен сіздерді тынышталдыра аламын, өйткені, күнделікті мың сәби дүниеге келіп жатқан Африкада, күніне 160-қа жуық адамның өмірі қиылса да депопуляцияға қол жеткізілмейді. Айтылғалы тұрған себептер тәжірибе жүзінде іске асып, өз шынайылығын танытуда»

1-ші себеп:

Екпе арқылы жасанды тарайтын Эбола ауруы Нигерия, Либерия және Сьерра Леоне мемлекеттеріне әскер кіргізу мақсатымен Африкаға әкелінді. Ескерте кететін жайт, Америка жақында ғана Нигерияға әскер кіргізу үшін «Боко Харам» оқиғасын пайдаланған еді. Бірақта, өтірікке толы бұл оқиға өз мақсатына жетпеді, өйткені нигериялықтар ел арасында шындықты таратқан еді. Ешқандай қыз жоғалған жоқ. Әскери операцияны орындау үшін әлемдік қолдау көрсетілмеді, сол себепті әскер ел аумағынан шығарылып, Нигерияда пайда болған жаңа мұнай көздерін игеру мақсатымен әскерді қайта кіргізу үшін жаңа себептер қажет болды.

2-ші себеп:

Сьерра Леоне мемлекеті ірі әлемдік алмаз экспортері болып табылады. Соңғы төрт ай бойы өз жағдайлары жақсарылмай, жалақы көтерілмегенше алмаз өндірімейтіндерін хабарлап, елдің алмаз өндірісі жұмысшылары көтеріліске шығуда. Ал, Батыс елдері өз тараптарынан жағдайды жақсартудан бас тартып отыр, өйткені тамақ пен халықаралық гуманитарлық көмекпен ғана күн көретін арзан жұмыс күші кім-кімге де керек. Сьерра Леонедегі әскер көтерілісті тоқтату үшін қажет. Бұл бірінші рет орын алып тұрған оқиға емес. Әскер күші бұған дейін көтеріліске шыққан шахта қызметкерлеріне де қарсы қолданылды. Тіпті көтеріліске шыққан жұмысшылардың барлығы да өлтіріліп, оны жаңа жұмыс күшімен алмастырылса да, алмазды жеткізу операциялары тоқтатылмады.

3-ші себеп:

Нигериялық мұнай мен Сьерра Леонедегі алмаз экспортынан басқа, бұл аймақтағы әскер шындықты білетін халықты басып тұру үшін қажет. 3000-ға жуық әскер «зәрді» тарату мақсатымен күштеп екпе салдыру үшін жіберілді. Африкалық өтірік пен манипуляция



туралы Америка БАҚ-та көбірек ақпарат пайда болған сайын, африкалық азаматтар «Қызыл крест» көмегінен бас салғалап қашуда. Әскери күш «Қызыл крест» өкілдерін Либерия мен Нигерия тұрғындарынан қорғау мақсатымен жіберілген болатын.

4-ші себеп:

Соңғы, бірақ маңыздылығы жағынан алдыңғылардан кем түспейтін себептердің бірі- «Эбола пандемиясы» қазіргі күннің өзінде миллиондаған адамдарды үркітіп, екпе салдыруға итермелеуде. Міне, осыдан кейін нағыз «Эбола пандемиясы» тарихта орын алары сөзсіз. Батыс елдері өз мақсаттарына жету барысында біздің сауатсыздығымызға үміт артуда. Екпе туралы ақпаратқа хабардар болып отырғаннан кейін, бізде тек адамдардың ақылдылығына үміт артудан басқа ештеңе қалып отырған жоқ.

**Өзіңізден сұраңыз:** егер де Эбола осыншама қауіпті ауру болып, бақыланатын екпе арқылы емес адамнан-адамға таралатын болса, неліктен бақылау және профилактика орталықтары және АҚШ үкіметі «эпидемия» өршеленіп жатқан аймақтармен әуе қатынасын жаппады? Біз ақиқатты әлем халықтарына жаюымыз керек, өйткені, халықаралық БАҚ өкілдері Африкадағы халық туралы шындық және объективті ақпаратты ешқашан да таратпайды. Мыңдаған адам қырылуда, миллиондаған адам мүгедекке айналу үстінде. Біз бұл ақпараттармен қашанға дейін өмір сүреміз?»

Либерияда дүниеге келген америкалық университеттің мұғалімі Сирил Бродерик либериялық «Daily Observer» баспасөз беттеріне арнап мақала жазған болатын. Өз мақаласында бұл азамат Эбола биологиялық қаруға жүргізілген америкалық эксперимент нәтижесі екендігін дәлелдейді. «Африкадағы нақты аймақтар (соның ішінде Батыс Африка да бар) көптеген жылдар бойы жаңа аурулар сынайтын полигон орталығы болып келді. БҰҰ қатысы бар Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымы және басқа да агенттіктер Африка мемлекеттеріне тестілеу бағдарламаларын жүргізуде, әр түрлі тестілеу тәртіптерін қолданып, екпелерін дамытып келеді.

Шынымен де, АҚШ қорғаныс Министрлігі және басқа да батыс елдері Африкада тараған бұл ауруға тікелей жауапты ма? Доктор Бродерик АҚШ үкіметінің Кенема қаласында (Сьерра Леоне) орналасқан ғылыми-зерттеу лабораториясы бар екендігін тұжырымдайды. Профессордың айтуы бойынша, Кенема қаласы «Батыс Африкадағы Эбола індетінің эпицентріне» айналды. Бұл либериялық азаматтың сөздерін дәлел ретінде қарастыра аламыз ба? Бұл азамат «қастандық теориясы» өкілі болып табылмайды ма?

Доктор Бродериктің мәлімдемелері ақиқаттан алыс емес. Тарихқа бір шолу жасайтын болсақ, АҚШ үкіметі тарапынан тірі адамдарға тестілеу бағдарламаларын жүргізген жағдайлар аз болған жоқ. Оның бір мысалы ретінде Гватемаланы алсақ болады. 1946-1948 жылдар аралығында Гарри Трумэн басқаруы кезінде Гватемала басшысы Хуан Хосе Ареваломен бірігіп, 1500-ге жуық әскерлер, түрмеге қамауға алынған халық, сонымен қатар, психикалық ауруға шалдыққандар сифилис, гонорея, жеңіл шанкр сияқты аурулармен жасанды инфекцияланды. Бұл экспериментке қатысқан адам саны 5 500-ді құраған еді.

Ең қорқыныштысы: экспериментке тартылған адамдардың бірде-біреуі инфекцияландыруға рұқсат бермеген. 2010 жылы «Уэллслидегі профессор Гватемаладағы сифилиске ұшыратқан эксперимент жөнінде шынайы ділелдемелер келтірді» атты мақала бостондық газетте жарияланған болатын. Бұл мақалада профессор, медицина тарихшысы Сьюзан Реверби өзінің ашылулары жайында баяндама жасады.

Газетте төмендегідей жазылған: Пенсильвания штатының архивын ақтару кезінде, Таскигиде өткізілген қайғылы оқиғаны зерттей отырып, Уэллсли колледжінің профессоры Сьюзан Реверби әлем халқын таң қалдырған жаңалықты жариялады: 1940-жылдары америка үкіметінің ғалымдары гватемалдылықтарды өз қалауларынан тыс сифилис және гонорея ауруларына шалдықтырды. Кейінірек, бұл туралы профессор Сьюзан Америка үкіметінің ресми өкілдеріне хабарлады. Адамдық қасиетке жат бұл қылық 2010 жылы АҚШ президенті Барак Обама ресми түрде гватемалдылық үкімет пен халықтан кешірім сұрап, өткеннің осындай қатыгез қателіктерін қайталамайтындығына уәде бергеннен кейін Бұқаралық ақпарат құралдарында таралды.

Зерттеушілер осындай адамдарға эксперимент жүргізу арқылы пенициллин антибиотиктерін зерттеп көрмекші болды. Сифилис және басқа да ауруларды емдеу мен профилактика да эксперименттің бір бөлігі еді. 2011 жылы BBC news биоэтика мәселесі бойынша президенттік Комиссия жетекшісі Эми Гутманның сөзіне сүйене отырып, антибиотикпен емделсе де 83 адамның қаза тапқандығын хабарлады:

«5500-ге жуық гватемалдылықтар 1946-1948 жылдар аралығында экспериментке түсіп, олардың 1300-і сифилис, гонорея және басқа да ауруға мақсатты түрде шалдығып, 700 –ге жуық адам емделді. Ал, 83 адам 1953 жылға қарай қаза тапты».

Сьюзан Реверби бұл эксперименттердің барлығы да АҚШ ұлттық денсаулық сақтау ұйымы гранттарымен қаржыландырылғанын хабарлайды. Бұл қаржылар Жалпыамерикандық денсаулық сақтау ұйымы арқылы гватемалдылық министрліктерге жіберілгендігін де айғақтайтын нақты фактілер кездеседі. Зерттеу барысы мен нәтижелері ешқашан ашық түрде еш жерде жарияланбаған.

Осындай қатыгезге толы қателіктерін АҚШ үкіметі тек 62 жыл өткеннен кейін ғана мойындады. Осыдан кейін либериялық профессор Бродерик сөздерінің шындыққа жақын екендігін байқауға болады.

### **АҚШ үкіметіне патенттік құқық не үшін қажет?**

Патент – нақты бір туындыға белгілі бір тараптың немесе ұйымның жеке иемдену құқығы. Бұл құқық басқа адамдарға немесе компанияларға аталмыш туындыны кез келген мақсатта қолдануға тыйым салады. Эбола вирусы штаммына жарияланған CDC патенті Құрама Штаттарды осы аурудың жалғыз өңдеушісі және иемденушісі екендігін білдіреді. Бұл дегеніміз, бұл ауруға қатысты кез-келген әрекетті, мысалы екпе ойлап тауып, оны адамдарға сынауға тек АҚШ ғана құқылы дегенді айғақтайды.

АҚШ Бақылау және профилактика орталығына (CDC) Эбола вирусы штаммына таралатын EboVun атты патент тиесілі. АҚШ бұл патенттік құқықты 2010 жылы иеленді, оның номері- CA2741523A1. Бұл патент иеленушісі болып АҚШ үкіметі табылады. Патенттің баяндамасында патент құрамында Угандадағы ауруға шалдыққан адамдардың қандарынан табылған оқшауланған штамм бар екендігі хабарланды. Ескерте кететін жайт, 2014 жылдың ақпанында танымал болған Эбола безгегінде басқа штамм кездеседі. Бірақ, осы вируспен ауырған алғашқы адамдардың АҚШ-қа не үшін жіберілгендігі түсініксіз жайт. Көптеген мамандардың айтуы бойынша, бұл асқан ақылдылықпен атқарылған іс: CDC өзінің патенттік портфелін кеңейтпекші. Эбола жасанды жолмен, яғни биологиялық қару негізінде жасалған деген де радикалды ойлар кездеседі.

Өлімге душар қылдыратын бұл ауруға патенттік құқық жариялау өте қызық құбылыс. Өлі күнге дейін неліктен ешқандай мемлекет рак немесе диабетке патенттік құқық жарияламады?

Тағы да ескерте кететін жайт, Эбола эпидемиясы екпе масштабты түрде жүргізіліп жатқан кезеңмен сәйкес келді. Екпе бағдарламалары БҰҰ қамқорлығы деп жүргізілген болатын. Фармацевтикалық және биотехникалық компаниялар бұл дағдарыстан көп пайда табуы мүмкін. Жоғары әскери шенеуніктер, үкіметтік құрылымдар, сонымен қатар БҰҰ бюрократтары ғылыми зерттеулер мен өңдеулерге миллиондаған еуро төлеуге дайын. Кездейсоқ фактілердің бірі - Эбола тараған ертедегі Гвинеядағы жағдай үш үлкен масштабты екпе компаниялары гүлденген уақытымен пара-пар келді. Ол ДДС ұйымы және ЮНИЭФ атты бала қорына тиісті компаниялар. Бұл бағдарламалардың екеуі «Шекарасыз дәрігерлер» (Medicins Sans Frontieres) ұйымымен жасалды, ал екпелер болса «Sanofi Pasteur» атты француз фармацевтикалық компаниясынан шығарылды. Бұл компанияның ірі акционері болып «Rothschild Group» табылады. Ротшильдіктер әлемнің барлық орталық банктерін басқарады, олардың қаржылық империясы есеп бойынша 500 трлн долларды құрайды. Әрине, олар бұл эпидемиядан өз пайдаларын көреді.

### **Қорытынды**

Тарихта болған оқиғаларды басшылыққа ала отырып, қазіргі халықаралық қатынастарды саралап, болашаққа екі болжам жасауға болады (Біреуі уақыт күттірмей болып



жатқан сияқты)

Бірінші:

Бұл індет құс және доңыз тұмаулары сияқты жаппай әлемдік үрей тудырады. Үрей өте тез орын алуы мүмкін, өйткені Эболада қарапайым салқын тиюдегі сияқты белгілер бар: ыстық көтерілу, буындардың ауыруы, бас ауруы және әлсіздік. Жаппай шу кезінде бұрын атын ешкім білмеген фармацевтикалық компания әлемдік сахнаға шығып, өзінде дайын екпе бар екендігін хабарлайды. Бұл дәріні миллиондаған әлем халықтары сатып алып, экономикалық тиімсіз болып көрінген- вирусқа қарсы дәрі жасау жобасынан қомақты пайда көруі мүмкін.

Екінші:

Осындай індетті себеп қылып, «гуманитарлық көмек көрсету» деген ұранды жалау қылып, әр түрлі елдерге әскер кіргізіп, ел арасында жаппай шу орнап жатқан уақытта, сол аймақтан неше түрлі баға жетпес байлықты иемдену немесе елдің ең басты асыл қазынасы – тәуелсіздігіне (жалпы саяси, экономикалық, әскери және т.б.) нұқсан келтіруге болады.

Соңғысы:

Бұл құбылыс алдыңғыларға қарағанда қауіптірек. Қолында мұндай биологиялық қарудан кем түспейтін құрылғы арқылы миллиондаған адамды, халықтар мен елдерді өлімге душар қылдырып, әлем сахнасынан мүлдем алып тастауға болады. Осы сәтте, барлық жан түршігерлік құбылыстар, неше түрлі жарылыстар мен аурулар, артта қалушылық процестері орын алған Африкаға қарап, бұрынғы Кеңес үкіметі басшысы Сталиннің сөзі дәлелденетін сияқты. **Африка шынымен де артық континент пе?**

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs103/ru/> - Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының ресми сайты;
2. <http://cassad.net/analytics/918-ebo-lozh-zhitel-gany-podtverzhdet-iskusstvennoe-proishozhdenie-epidemii-ebola.html> КАССАД ақпарат-талдау орталығы;
3. <http://www.mk.ru/social/2014/12/03/chislo-umershikh-ot-likhoradki-ebola-v-mire-prevysilo-6-tys-chelovek.html> Московский Комсомолец ресми сайты;
4. <http://24.kz/ru/news/in-the-world/item/30847-kanada-razrabotala-unikalnuyu-vaktsinu-protiv-eboly> 24 кз сайты;
5. [http://www.rubaltic.ru/blogpost/ebola\\_20102014/#t20c](http://www.rubaltic.ru/blogpost/ebola_20102014/#t20c) RuBaltic.Ru талдау порталы;

## 6.2 Регионоведение

ӘОЖ 327: 32.001(4)

### ЕУРОПАДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ӨРШУІ

Аблезова Азиза Нурлановна

[aziza\\_ablezova@mail.ru](mailto:aziza_ablezova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.А.Шадаева

Бүкіл дүниежүзінде болып жатқан көкей кесті мәселелердің қазіргі таңдағы саясаттағы алар орны, оған деген байланысы ерекше ықпал етеді. Ғаламдық қарастырылып отырған саяси үрдістің мәселелер топтамасы негізінде қарастырғым келіп отырғаны бұл өз тәуелсіздігін алу негізіндегі автономиялық аймақтардың бөлініп шығу, егемендік алу жайлы